**Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 49 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 622 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 622 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңын және "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.03.30. N 278 , 2005.10.28. N 1082 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. Қоса беріліп отырған Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалауы астында теңіз сауда кемелерінің жүзу құқығын берудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 желтоқсандағы N 1231 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 48, 584-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 желтоқсандағы N 1231 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 наурыздағы N 467 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 17, 180-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 49 қаулысымен бекітілген

## Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеудің ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.29. N 1647 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңының 4-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда кеменің жасы деп кемені тіркеу туралы құжатта көрсетілгендей, жасалған жылынан бері өткен уақыт кезеңі түсініледі.

3. Кемені мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және теңіз кемесін мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың телнұсқасын беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде алымдар алынады.

4. Кеме (салынып жатқан кеме) ипотекасын мемлекеттік тіркеу және кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында анықталатын тәртіппен алым алынады.

5. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде (бұдан әрі – Мемлекеттік кеме тізілімі), Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде (бұдан әрі – халықаралық кеме тізілімі), бербоут-чартер тізілімінде және жасалып жатқан кемелер тізілімінде кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді Порттың теңіз әкімшілігі жүзеге асырады.

Мемлекеттік кеме тізілімін, халықаралық кеме тізілімін, бербоут-чартер тізілімін және жасалып жатқан кемелер тізілімін жүргізуді Порттың теңіз әкімшілігі қағаз және электрондық жеткізгіштерде жүзеге асырады.

Мемлекеттік кеме тізілімін, халықаралық кеме тізілімін, бербоут-чартер тізілімін және жасалып жатқан кемелер тізілімін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Теңіз әкімшілігі (бұдан әрі – уәкілетті орган) белгілейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.12.2013 № 1314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Кемені мемлекеттік тіркеуге арналған өтінішпен кеменің меншік иесі (кеме

иесі) немесе ол уәкілеттік берген адам жүгінеді.

7. Мемлекеттік тіркеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидаларға сәйкес кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттарды қабылдау. Ұсынылатын құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген кезде үш жұмыс күні ішінде оған құжаттарды қабылдаудан дәлелді жазбаша бас тартуды бере отырып, өтініш берушіге құжаттар қабылдаудан бас тартылады;

2) осы кемеге мәлімделетін құқықтар мен тіркелген құқықтар арасындағы қайшылықтардың, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуден бас тарту үшін негіздің болмауын анықтау;

3) көрсетілген қайшылықтар мен мемлекеттік тіркеуден бас тарту үшін басқа негіздер болмаған кезде Мемлекеттік кеме тізіліміне, халықаралық кеме тізіліміне, бербоут-чартер тізіліміне, жасалып жатқан кемелер тізіліміне жазулар енгізу;

4) мемлекеттік тіркеуді растайтын құжаттарды беру.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.12.2013 № 1314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Кемелерді мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар:

1) құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалады;

2) егер Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, ресми шетелдік құжаттар шетелдегі Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелерінде заңдастыруға жатады.

Карауға белгіленген тәртіппен расталған, оларға қатысты көрсетілген талаптар орындалған құжаттардың көшірмесі қабылдануы мүмкін. Егер ұсынылатын құжаттар шетел тілінде жасалған болса, оларға мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариалды расталған аудармасы қоса беріледі;

3) құжаттардың мәтіндері анық, заңды тұлғалардың атаулары мен деректемелері қысқартусыз жазылған болуы тиіс;

4) тазарту не қосып жазу, сызылған сөздер және оларда өзге де ескертілмеген түзетулер бар құжаттар, қарындашпен орындалған құжаттар, сондай-ақ мазмұнын біржақты түсіндіруге мүмкіндік бермейтін бүлінген жерлері бар құжаттар мемлекеттік тіркеуге қабылдауға жатпайды;

5) тіркеуге қажетті барлық құжаттар не екі данада беріледі, олардың бірі түпнұсқа, ал екіншісі – көшірмесі болуы тиіс не нотариалды расталған көшірмелері беріледі. Түпнұсқа тіркелгеннен кейін құқық иеленушіге қайтарылады.

9. Кемені мемлекеттік тіркеуден мынадай жағдайларда бас тартылады, егер:
1) мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен тиісті емес адам жүгінсе;
2) осы Қағидаларда көзделген талаптар сақталмаса;
3) мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес келмесе.

Бас тарту туралы кемені мемлекеттік тіркеуге ұсынған өтініш берушіге құжаттар мемлекеттік тіркеуге ұсынылған сәттен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей бас тарту негізін көрсете отырып, жазбаша хабарланады.

10. Кемені мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжат жоғалған жағдайда Порттың теңіз әкімшілігі кеменің кеме иесінің өтініші бойынша үш жұмыс күні ішінде оған кеменің мемлекеттік тіркелуін куәландыратын құжаттың телнұсқасын береді.

Кеменің мемлекеттік тіркелуін куәландыратын құжаттың телнұсқасын беру туралы өтінішпен бірге Порттың теңіз әкімшілігі кеменің мемлекеттік тіркелуін куәландыратын құжаттың телнұсқасын берген кезде кемелерді мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алымдар сомаларының бюджетке төленгенін растайтын құжатты ұсынады.

Кеменің мемлекеттік тіркелуін куәландыратын құжаттың телнұсқасын беру туралы мәліметтер кіріс құжаттарды есепке алу кітабына және кеме тіркелген тиісті тізілімге енгізіледі.

11. Шақыру сигналын ауыстырумен байланысты кеменің мемлекеттік тіркелуін растайтын жаңа құжаттарды беру кеменің мемлекеттік тіркелуін растайтын бұрын берілген құжаттарды қоса бере отырып, кеменің меншік иесінің (кеме иесінің) өтініші негізінде үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Шақыру сигналын ауыстыру және кеменің мемлекеттік тіркелуін куәландыратын жаңа құжатты беру туралы мәліметтер кеме тіркелген тиісті тізілімдерге енгізіледі.

## 2. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу

12. Мемлекеттік кеме тізілімінде теңіз, жолаушылар, жүк-жолаушылар, мұнай құю, сүйрегіш кемелер, жүзбелі бұрғылау қондырғылары, құрғақ жүктер, жүзбелі крандар және техникалық флот кемелері (жер снарядтар және басқалары ), сондай-ақ қуаттылығы кемінде елу бес киловатт басты қозғалтқыштарымен өздігінен жүзетін кемелер және сыйымдылығы кемінде сексен тонна өздігінен жүзбейтін кемелер тіркеуге жатады.

Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген

құжаттарды ұсынған сәттен бастап күнтізбелік он күн ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.06.2013 № 612 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13. 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіппен тіркелген филиалдар (мердігерлік компаниялар, оператор, агенттер) арқылы Каспий теңізінде қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаның меншігіндегі, кеменің жасалған жылы бес жылдан аспайтын және Солтүстік Каспий жобасын іске асыру үшін жасалған (сатып алынған) кемелер Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелуге жатады.

Бұл ретте кеменің жасалған жылы туралы осы тармақтың бірінші абзацының талаптары Қазақстан Республикасының кеме тізілімдерінде бұрын тіркелген, сондай-ақ кейіннен меншік иесі 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіппен тіркелген филиалдар (мердігерлік компаниялар, оператор, агенттер) арқылы Каспий теңізінде қызметін жүзеге асыратын кез келген шетелдік заңды тұлғаның меншігіне берілген кемелерге қолданылмайды.

14. Мемлекеттік тіркеу үшін еркін нысанда өтініш, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес кеме тізілімінің сауалнамасы, сондай-ақ мынадай құжаттар ұсынылады:

1) кемеге меншік құқығын растайтын құжат;

2) жүзуге жарамдылығы туралы куәлік;

3) өлшеу куәлігі;

4) сыныптау куәлігі;

5) жолаушылар куәлігі (жолаушылар кемесі үшін);

6) кемені мемлекеттік тіркеген үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат;

7) кеме Солтүстік Каспий жобасын іске асыру үшін тікелей жасалғанын (сатып алынғанын) және 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімде көзделген тәртіппен Солтүстік Каспий жобасы бойынша өкілетті органға беруге жататынын растайтын Солтүстік Каспий жобасы жөніндегі оператордан хат;

8) осы мемлекеттің туын ауыстырғанға дейін тікелей тіркелген тізілімнен шет мемлекеттің кемесінің алынып тасталғанын және ипотека ауырлығы жоқтығын куәландыратын құжат;

9) меншік иесінің аты мен мекенжайын куәландыратын құжаттар.

15. Кемені мемлекеттік кеме тізіліміне енгізу осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес куәліктер берумен куәландырылады, ол кеменің Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын және кемеге меншік құқығын растайды.

16. Оқиғалар салдарынан немесе басқа да себептер бойынша кеме Мемлекеттік кеме тізіліміне бұрын енгізілген мәліметтерге сәйкес келмей қалған жағдайда жүзуге техникалық жарамдығын растайтын құжат куәландырылғаннан және оны алғаннан кейін кемені мемлекеттік қайта тіркеу туралы өтініш ұсынылуы бойынша Мемлекеттік кеме тізілімінде кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде кемені қайта тіркеу жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының меншігіндегі және мемлекеттік органдар өздеріне жүктелген функцияларды орындау үшін, коммерциялық мақсаттарда пайдаланылатын кемені пайдалану да кемені қайта тіркеу үшін негіз болып табылады.

17. Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерде сатып алынған кеме Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес осындай құқықты растайтын және мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркелгенге дейін, бірақ бір жылдан аспайтын уақытқа жарамды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүру құқығы туралы уақытша куәлікті (бұдан әрі - уақытша куәлік) берген сәттен бастап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын пайдаланады.

18. Уақытша куәлікті Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесі құқық иесінің мынадай құжаттарды қоса берген өтініші негізінде береді:

1) кемеге меншік құқығын растайтын құжат;

2) кемені бұған дейін тіркеген мемлекеттің құзыретті билік орындары берген (егер мұндай жағдай өтініш берілгенге дейін орын алған болса) кеменің бұл мемлекеттің тізілімінен шығарылғанын және ипотека ауыртпалығы жоқтығын куәландыратын құжаттар;

3) өлшем куәліктері;

4) біліктілік куәлігі;

5) жолаушылар куәлігі (жолаушылар кемелері үшін).

19. Уақытша куәлік беру туралы өтініш берген кезде жеке тұлға оның жеке басын куәландыратын құжатты, ал заңды тұлғаның өкілі - заңды тұлғаның құрылтайшы құжаттарын немесе олардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ заңды тұлғаның атынан әрекет ету өкілеттігін растайтын құжатты ұсынады.

Осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген құжаттарды алған кезде Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемесінің консулдық лауазымды тұлғасы құжаттарды есепке алу кітабына тиісті жазба енгізеді. Уақытша куәлік берілгені туралы әрбір жазба тіркеу нөмірімен сәйкестендіріледі. Мұндай нөмір

құжаттарды қабылдаған кезде беріледі және қабылдаған құжаттардың кіріс нөміріне сәйкес келеді. Ұсынылған құжаттарды тексергеннен кейін Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемесі уақытша куәлік береді. Берілген уақытша куәлік туралы Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемесі он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға уақытша куәліктің көшірмесін қоса бере отырып, хабарлама жібереді.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.12.2013 № 1314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде сатып алынған кемені Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркеу Порттың теңіз әкімшілігіне мемлекеттік тіркеу туралы өтініш ұсынылуы бойынша осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

21. Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелген кемені Порттың теңіз әкімшілігінің бербоут-чартер шарты бойынша беру кезінде:

1) Мемлекеттік кеме тізілімінің «Ескерту» бағанасына меншік иесінің өтінімінің негізінде бербоут-чартер шартының қосымшасымен бербоут-чартер шартының қолданылу мерзімі көрсетілген тиісті жазба енгізіледі;

2) «Кеме иесінің атауы және мекен жайы» бағанасына бербоут-чартер шарты бойынша кеме жалдаушының мәліметтері енгізіледі.

Бұл ретте кемеде теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәліктің түпнұсқасы болу қажет.

## 2-1. Кемелер мен оларға құқықтарды Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу

Ескерту. Қаулы 2-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 04.12.2013 № 1314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21-1. Кемеге меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар (бербоут-чартер бойынша жалдап алынған кемеге осы құқықтарды қоспағанда), осы құқықтарды шектеулер (ауыртпалықтар), олардың туындауы, ауысуы және тоқтатылуы Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелуге жатады.

Меншік құқығына және өзге де заттық құқықтарға қатысты шектеулер (ауыртпалықтар) белгіленген кемені Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркеу және мұндай кемені аталған тізілімнен шығару пайдасына тиісті шектеу (ауыртпалық) белгіленген адамның жазбаша нысандағы келісімімен жүзеге асырылады.

21-2. Кемелер шет мемлекеттердің кеме тізілімдерінде тіркелген және

халықаралық кеме тізілімінде тіркеу туралы өтініш берілген күні олардың шығарылған жылдары жиырма жылдан асқан болса, олар халықаралық кеме тізілімінде тіркеуге жатпайды.

21-3. Кемені Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркеу кезінде кеме иесі (кеме иеленушісі) немесе олар уәкілеттік берген адамдар мынадай құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысанда өтініш;

2) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес кеме тізілімінің сауалнамасы;

3) өлшеу куәлігі;

4) сыныптау куәлігі;

5) теңіз кемесін мемлекеттік тіркегені үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат.

Сондай-ақ меншік құқығындағы кемені тіркеу үшін:

1) кемеге меншік құқығын растайтын құжат;

2) жүзуге жарамдылығы туралы куәлік (қолданылатын болса);

3) жолаушылар куәлігі (жолаушылар кемесі үшін);

4) осы мемлекеттің туын ауыстырғанға дейін тікелей тіркелген тізілімнен шет мемлекеттің кемесінің алынып тасталғанын және ипотека ауыртпалығы жоқтығын куәландыратын құжат;

5) меншік иесінің аты мен мекенжайын куәландыратын құжаттар ұсынылады.

Мемлекеттік кеме тізілімінде кеменің тіркелуі әлі жарамды болған жағдайда, осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы және кемеге меншік құқығы туралы куәліктерінің тек көшірмелері ғана ұсынылады.

Сондай-ақ бербоут-чартер бойынша пайдалануға ұсынылған кемені тіркеу үшін:

1) кеме жалдаушының аты мен мекенжайын растайтын құжаттар;

2) бербоут-чартер шарты;

3) шет мемлекеттің құзыретті билік орындары берген, онда кеме тікелей ту ауыстырылғанға дейін тіркелген, осындай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұрғанын немесе бұл құқық Қазақстан Республикасының бербоут-чартерлік тізілімінде кеме мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап тоқтатыла тұрған кемені Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыруға келісу туралы, сондай-ақ кемеге ипотека ауыртпалығы салынғаны туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар;

4) кемені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге ауыстыруға меншік иесі және кеменің тіркелген ауыртпалығына кепіл ұстаушының жазбаша рұқсаты;

5) кеме Солтүстік Каспий жобасын іске асыру үшін жалға алынғанын

растайтын Солтүстік Каспий жобасы жөніндегі оператордан хат (осы Қағидалардың 22-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар жалға алған кемелер үшін) ұсынылады.

Бербоут-чартер тізілімінде кеменің тіркелуі жарамды болған жағдайда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес бербоут-чартер шарттарында жалға алынған шетелдік теңіз кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы куәліктің көшірмесі ғана ұсынылады.

21-4. Бербоут-чартер бойынша жалға алынған кемені халықаралық кеме тізілімінде тіркеу мерзімі осындай кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру мерзімінен аспайтын болады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімді уәкілетті орган осы Қағидалардың 24 және 25-тармақтарында көзделген тәртіппен қабылдайды.

21-5. Кемені Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізіліміне енгізу:

1) меншік құқығындағы кемеге – осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы және кемеге меншік құқығы туралы куәліктер;

2) бербоут-чартер бойынша пайдалануға ұсынылған кемеге – осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес бербоут-чартер шарттарында жалға алынған шетелдік теңіз кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы куәлік беру арқылы куәландырылады.

## 3. Бербоут-чартер тізілімінде кемелерді мемлекеттік тіркеу

22. Бербоут-чартер тізілімінде шет мемлекеттердің тізілімінде тіркелген және бербоут-чартер бойынша:

1) қазақстандық кеме жалдаушыға;

2) 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіппен тіркелген филиалдар (мердігерлік компаниялар, оператор, агенттер, қосалқы мердігерлер) арқылы Каспий теңізінде қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаға ұсынылған теңіз кемелері тіркеуге жатады.

23. Уәкілетті орган теңіз кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша рұқсат беру туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде мұндай кеме бербоут-чартер тізіліміне тіркеуге жатады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.12.2013 № 1314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі).

24. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешім қабылдау үшін кеме иесі уәкілетті органға мынадай құжаттарды береді:

1) бербоут-чартер шарты;

2) шет мемлекеттің құзыретті билік орындары берген, онда кеме тікелей ту ауыстырылғанға дейін тіркелген, осындай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұрғанын немесе бұл құқық Қазақстан Республикасының бербоут-чартерлік тізілімінде кемені мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап бұл құқық тоқтатыла тұратынын растайтын кемені Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыруға келісу туралы, сондай-ақ кеменің ипотека ауыртпалығы туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге кемені ауыстыруға меншік иесі және кеменің тіркелген ауыртпалығына кепіл ұстаушының жазбаша рұқсаты;

4) сыныптау куәлігі;

5) кеме Солтүстік Каспий жобасын іске асыру үшін жалға алынғанын растайтын Солтүстік Каспий жобасы жөнінде оператордан хат (осы Қағидалардың 22-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар жалға алған кемелер үшін).

Ескерту. 24-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.06.2013 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2013 № 1314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

25. Уәкілетті органның құжаттарды карауы он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады, қарау қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы рұқсат беріледі немесе мынадай жағдайларда:

1) теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарына кеменің сәйкес келмеуін көрсететін негіздер болған кезде;

2) осы Қағидалардың 22-тармағында көзделген тұлғалар кемені Солтүстік Каспий жобасын іске асыру мақсатынсыз жалға алған кезде;

3) бербоут-чартер тізілімінде тіркеу мерзімін ұзартуға жататын кемелерді, қазақстандық флоттың құрамында болмайтын мамандандырылған кемелерді, сондай-ақ реновация, жаңғырту және қайта жабдықтау рәсімінен өткен кемелерді қоспағанда, кеменің шығарылған уақыты 20 жылдан жоғары болған кезде бас тартылады.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.06.2013 № 612 (

алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2013 № 1314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

26. Кемені мемлекеттік тіркеуге өтініш еркін нысанда Порттың теңіз әкімшілігіне мынадай құжаттарды қоса беріле отырып, беріледі:

1) осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес кеме тізілімінің сауалнамасы;

2) кемені жалдаушының аты мен мекенжайын растайтын құжаттар;

3) бербоут-чартер шарты;

4) шет мемлекеттің құзыретті билік орындары берген, онда кеме тікелей ту ауыстырылғанға дейін тіркелген, осындай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығы тоқтатыла тұрғанын немесе бұл құқық Қазақстан Республикасының бербоут-чартерлік тізілімінде кемені мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап бұл құқық тоқтатыла тұратынын растайтын кемені Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыруға келісу туралы, сондай-ақ кеменің ипотека ауыртпалығы туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге кемені ауыстыруға меншік иесі және кеменің тіркелген ауыртпалығына кепіл ұстаушының жазбаша рұқсаты;

6) өлшеу куәлігі;

7) сыныптау куәлігі;

8) кемені мемлекеттік тіркеген үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат;

9) кеме Солтүстік Каспий жобасын іске асыру үшін жалға алынғанын растайтын Солтүстік Каспий жобасы жөнінде оператордан хат (осы Қағиданың 22-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар жалға алған кемелер үшін).

27. Кемені бербоут-чартер тізіліміне енгізу осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес бербоут-чартер шарттарында жалға алынған шетелдік теңіз кемесіне Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзуге уақытша құқығы туралы куәлік берілуімен куәландырылады.

Бербоут-чартер тізілімінде тіркелген шетел кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге құқығын уақытша беру мерзімі өткен кезде, қазақстандық кеме жалдаушы немесе осы Қағидалардың 22-тармағының 2) тармақшасында көзделген адам жүзуге уақытша құқық беру мерзімі өткеннен кейін жеті жұмыс күні ішінде Порттың теңіз әкімшілігіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру туралы тиісті куәлікті қайтарады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.12.2013 № 1314

қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28. Кемені бербоут-чартер тізілімінде тіркеу мерзімін ұзарту мынадай құжаттар қоса беріле отырып, оңайлатылған тәртіппен жүзеге асырылады:

1) кеме иесінен еркін нысандағы өтініш;

2) теңіз кемесін мемлекеттік тіркегені үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.06.2013 № 612 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 4. Жасалып жатқан кемеге құқықтарды мемлекеттік тіркеу

29. Жасалып жатқан кемеге меншік құқығы киль салу немесе сарапшының қорытындысымен расталған тең бағалы құрылыс жұмыстарын жүргізу жағдайында жасалып жатқан кемелер тізілімінде тіркеледі.

Салынып жатқан кемеге құқықтарды мемлекеттік тіркеу осы Ереженің 30-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынған сәттен бастап күнтізбелік он күн ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.06.2013 № 612 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

30. Жасалып жатқан кемеге құқықты мемлекеттік тіркеу құқық иесінің немесе ол (олар) уәкілеттік берген тұлғаның өтініші негізінде онда кеме жасалып жатқанын растайтын құжаттар қоса берілген, тиісті түрде ресімделген сенімхат болған кезде жүргізіледі, атап айтқанда:

1) кемені жасауға арналған шарт;

2) кеме жасау ұйымының киль салу немесе сарапшының қорытындысымен расталған тең бағалы құрылыс жұмыстарын жүргізуді растайтын сарапшының қорытындысы туралы жазбаша растауы.

31. Салынып жатқан кемеге құқықты мемлекеттік тіркеу туралы өтінімде мыналар көрсетіледі:

1) кемені жасау орны;

2) кеме жасайтын ұйымының атауы;

3) кемені жасау нөмірі;

4) кеменің түрі;

5) киль ұзындығы және кеме туралы басқа да негізгі техникалық деректер (кеменің ені, борт биіктігі);

6) қозғалтқыштардың саны мен қуаты;

7) корпустың негізгі материалы.

32. Жасалып жатқан кемеге құқықты мемлекеттік тіркеу осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес кемеге (жасалып жатқан кемеге) арналған құқықты Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берумен куәландырылады.

## 5. Кеме (жасалып жатқан кеме) ипотекасын мемлекеттік тіркеу

33. Кеме ипотекасы (жасалып жатқан кеме) кеме тіркелген тізілімде тіркеледі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы уақытша берілген шетел кемесінің ипотекасы, сондай-ақ шетел алушысы үшін жасалып жатқан кеме ипотекасы Қазақстан Республикасында тіркелмейді.

34. Кеме (жасалып жатқан кеме) ипотекасы кемеге (жасалып жатқан кемеге) меншік құқығын мемлекеттік тіркеуден кейін кепіл берушінің өтініші негізінде тіркеледі.

Кеме (жасалып жатқан кеме) ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтініште Заңның 212-бабының 2-тармағында көзделген мәліметтер мен құжаттар көрсетіледі.

Кеме (жасалып жатқан кеме) ипотекасын мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттар осы Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

35. Кеме ипотекасын (жасалып жатқан кеме) мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер кіріс құжаттарын есепке алу кітабына және осы кеме тіркелген тиісті тізілімге енгізіледі.

Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл туралы кеме құжатына қандай да бір жазу енгізу талап етілмейді.

36. Кеме ипотекасын (жасалып жатқан кеме) мемлекеттік тіркеу өтініш берген сәттен бастап он жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес Кеме немесе жасалып жатқан кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берумен куәландырылады.

37. Кеме ипотекасын Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу осы Қағидалардың 36-тармағында көрсетілген мерзімде, кеме ипотекасы туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақтарды қоса беру арқылы жүзеге асырылады.

Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақта кеме ипотекасы туралы шартқа қосымша келісімнің нөмірі мен жасалған күні, сондай-ақ кеме ипотекасы туралы шартқа енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулардың мәні көрсетіледі.

Кепіл берушіні және (немесе) борышкерді ауыстырған кезде, егер борышкер

кеме ипотекасы туралы шарт бойынша кепіл беруші болып табылмаса, Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақта жаңа кепіл берушінің және (немесе) борышкердің деректері (атауы) және тұрғылықты жері, сондай-ақ жаңа кепіл берушінің қойған қолы көрсетіледі.

Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақ кеме ипотекасы туралы шартқа өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін кепіл берушінің өтініші негізінде беріледі.

Өтінішке кеме ипотекасы туралы шартқа қосымша келісім, осындай қосымша келісімде көрсетілген құжаттармен қоса беріледі.

## 6. Кемені Мемлекеттік кеме тізілімінен, халықаралық кеме тізілімінен, жасалып жатқан кемелер тізілімінен немесе бербоут-чартер тізілімінен шығару

Ескерту. 6-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.12.2013 № 1314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

38. Мемлекеттік кеме тізілімінен:

1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;

2) конструкциялық жағынан күйреген;

3) қайта құру немесе кез келген басқа өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан;

4) Заңның 11-бабының 3-1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған кеме шығарылады.

38-1. Мына:

1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;

2) конструкциялық жағынан күйреген;

3) қайта құру немесе кез келген басқа өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан;

4) Заңның 11-бабының 3-1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған;

5) оған қатысты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзіп жүруге құқығын уақытша беру туралы шешімді уәкілетті орган жоққа шығарған;

6) оған қатысты Қазақстан Республикасының аумақтық сулары шегінде қызметті жүзеге асыру фактісі айқындалған жағдайларда кеме Халықаралық кеме тізілімінен шығарылады.

Ескерту. 6-бөлім 38-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 04.12.2013 № 1314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он

күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

39. Зақымдалған кеме конструкциялық жағынан күйреген болып есептеледі, егер:

1) кеме тұрған жерінде де, кеме жеткізілуі мүмкін кез келген басқа жерде де қалпына келтірілмесе;

2) кемені жөндеу экономикалық жағынан орынсыз болса.

40. Кемені Мемлекеттік кеме тізілімінен, халықаралық кеме тізілімінен және бербоут-чартер тізілімінен шығаруды Порттың теңіз әкімшілігі кеме иесінің (кеме иеленушінің) немесе олар уәкілеттік берген адамдардың кемені мемлекеттік тіркеу кезінде берілген куәліктерді қоса бере отырып, еркін нысандағы өтініші негізінде жүргізеді.

Осы Қағидалардың 38-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында, 38-1-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында, 44-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда өтінішке онда жазылған фактілерді растайтын құжаттар да қоса беріледі.

Осы Қағидалардың 38-1-тармағының 5), 6) тармақшаларында және 44-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген жағдайларда, кемені Халықаралық кеме тізілімінен және бербоут-чартер тізілімінен шығаруды кеме иесінің (кеме иеленушінің) мекенжайына жолданған уәкілетті органның тиісті хабарламасы негізінде Порттың теңіз әкімшілігі жүргізеді.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.12.2013 № 1314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

41. Кемеге немесе жасалып жатқан кемеге тіркелген ипотека болған кезде Порттың теңіз әкімшілігі кепіл ұстаушылар өз мүдделерін қорғау үшін тиісті шаралар қолдануы үшін кепіл ұстаушыға кеменің немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығының тиісті тізілімінен алдағы шығарылатыны туралы хабарлама жібереді. Олардың келісімі алынбаған кезде кеме немесе жасалып жатқан кемеге меншік құқығы кепіл ұстаушыларды хабардар өткеннен кейін үш ай өткен соң тиісті тізілімнен шығарылады.

42. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 04.12.2013 № 1314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

43. Порттың теңіз әкімшілігі тиісті тізілімге шығару туралы жазу енгізеді және осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес кеменің Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен, Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінен немесе Қазақстан Республикасындағы жасалып жатқан кеме тізілімінен шығарылғаны туралы куәлікті кеме иесіне (кеме иеленушіге) немесе олар уәкілеттік берген адамдарға береді.

Кемені халықаралық кеме тізілімінен шығару туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне және Кедендік бақылау комитетіне жолданады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.12.2013 № 1314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

44. Бербоут-чартер тізілімінен:

1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;

2) конструкциялық жағынан күйреген;

3) қайта жасау немесе кез келген басқа да өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан;

4) осы Заңның 11-бабының 5-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған;

5) осы Қағидаларға сәйкес оған қатысты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімнің күшін жойған кеме шығарылуға жатады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.12.2013 № 1314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 7. Кемені шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге ауыстыру

45. Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелген кемені бербоут-чартер бойынша шетелдік кеме жалдаушыға пайдалануға және иелік етуге ұсынған кезде осындай кеме уәкілетті органның шешімі негізінде шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстырылуы мүмкін.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.12.2013 № 1314 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

46. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыру туралы шешімді уәкілетті орган кеменің меншік иесінің немесе ол уәкілеттік берген адамның мынадай құжаттар қоса берілген өтініші негізінде қабылдайды:

